

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА "СПОРТЛОТО" АЙМАҚТЫҚ КӘСПОРЫНДАРЫНЫҢ ТҰРАҚТЫ ОЙНАЛАТЫН СПОРТ ЛОТЕРЕЯЛАРЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ

Күшін жойған

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ
1994 жылғы 4 қаңтар N 22. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің
1996.10.31. N 1326 қаулысымен.

Дене мәдениеті мен спортты дамытуға қосымша қаражаттар тарту, республикалық және жергілікті бюджетті толықтыру, спорт лотереялары желісін сақтап қалу мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Жастар ісі, туризм және спорт министрлігінің Қазақстан Республикасы Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Шымкент аймақтық спорт лотереялары кәсіпорындарының тұрақты жүргізілетін ойындар - "Спортлото", "Спортболжам", "Спринт" және олардың түрлерін өткізуі жөніндегі ұсынысы қабылдансын.

2. Қаулыға тіркелген "Қазақстан Республикасы спорт лотереялары кәсіпорындарының спорт лотереяларын өткізу аймақтары туралы" қосымша бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрлігі мен Қаржы министрлігі аймақтық спорт лотереялары кәсіпорындарымен бірлесіп Қазақстан Республикасында "Спортлото" спорт-сандық лотереясын өткізу шарттарын әзірлеп, бекітетін болсын.

4. Аймақтық спорт лотереялары кәсіпорындарына жергілікті қаржы органдарымен келісе отырып лотерея билетінің құнын нарық жағдайларына қарай белгілеуге рұқсат етілсін, бұл ретте ұтыс қоры билеттерді сатудан түскен қаражаттың міндетті түрде 50 процентін құрайтын болсын.

5. Қазақстан Республикасы аймақтық спорт лотереялары кәсіпорындары билеттерді (еріктілік пен әкімшілік ережелерін қатаң сақтай отырып) қоғамдық таратушылар, дене мәдениеті ұйымдарының қызметкерлері, коммерциялық құрылымдар, өзіндік дүңгіршектер желісі арқылы спорт шараларының өткізілуі кезінде спорт ғимараттарында, қоғамдық-сауда орындарында, мекемелерде, демалыс орындарында, көшелер мен жаяу жүргінші жерасты өткелдерінде сататын болып белгіленсін.

6. Қолданылып жүрген заңдарға сәйкес, Қазақстан Республикасының

аймақтық спорт лотереялары кәсіпорындары пайданың 25 проценттік мөлшерін республикалық және жергілікті бюджеттерге, 25 проценттік мөлшерін Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрлігіне, облыстық және жергілікті дене мәдениеті ұйымдарына дене мәдениеті мен спортты дамытуға, спорт шараларын өткізуге, спорт ғимараттарын, оқу орындары мен оқу-жаттығу базаларын салуға, қалпына келтіруге және күрделі жөндеуге арнап жіберіп отыру міндеттелсін.

7. Спорт лотереялары кәсіпорындарына халықты дене мәдениеті және спортпен айналысуға жұмылдыру үшін спорт-сауықтыру орталықтарын, секцияларын, денсаулық топтарын ашуға рұқсат етілсін.

8. Аймақтық спорт лотереялары кәсіпорындарына лотерея өнімдерінің шетелде жасап шығаруға тапсырыс беру үшін ақша қаражатын шоғырландыру, жаңа лотерея ойындарын енгізу, типографиялық жабдық сатып алу, Қазақстан Республикасының аумағында бірлескен кәсіпорындар мен ұйымдар құру үшін инвесторларды тарту ұсынылсын.

9. Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы "Қазақстан" мемлекеттік теле-радио хабарларын тарату компаниясы, республикалық газеттер мен басқа да бұқаралық ақпарат құралдары жеңілдікті жағдайларда спорт лотереяларын жарнамалауды және насихаттауды қамтамасыз ететін болсын.

10. Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері

Қазақстан Республикасы аймақтық спорт лотереялары кәсіпорындарына спорт лотереяларын ұйымдастыру мен өткізуде қолдау көрсететін болсын. Олардың өндірістік қызметі үшін қажетті қызмет үй-жайларын, көлік құралдарын бөліп, жұмыс істеп тұрған мамандандырылған дүңгіршектердің орналасуын бекітсін, ал қажетті жағдайда қосымша лотерея дүңгіршектерін, жарнама тақталары мен ойнаушыларға арналған ақпарат орталықтарын орнату үшін жаңа жайлар белгілейтін болсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1994 жылғы 4 қаңтардағы

№ 22 қаулысына

Қосымша

Қазақстан Республикасының спорт лотереялары
кәсіпорындарының спорт лотереяларын

өткізу аймақтары туралы
(Кесте)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК